

Фразеологизмдерді когнитивті тұрғыдан оқыту – оқушылардың шешен сөйлеу қабілетін дамытудың негізі

М.А. Рысқұлов

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан
marat.ryskulov@mail.ru



Аңдатпа. Бүгінгі таңда «Қазақ тілі» сабақтарында оқушылардың сөйлеу дағдыларын жетілдіруге ерекше мән беріліп отыр. Соған сәйкес оқытудың әдіс-тәсілдері жетілдіріліп, білім сапасын жақсартудың жолдары іздестірілуде. Осыған байланысты мақалада 10-11-сынып оқушыларына фразеологизмдерді когнитивті тұрғыдан меңгерту арқылы шешен сөйлеу қабілетін дамыту мәселесі сөз болады. Мақалада тұрақты тіркестердің лексикалық бірліктерден – жеке сөз бен еркін сөз тіркестерінен айырмашылығы көрсетіліп, фразеологизмдерді когнитивті тұрғыдан оқыту арқылы шешен сөйлеу қабілетін дамытуда не нәрсеге аса мән беру керек екені нақты көрсетілді, автор тарапынан коммуникативтік дағдылары мен сөйлеу мәнерін жетілдіруге қатысты ұсыныстар берілді. Бұл орайда фразеологизмдерді когнитивті тұрғыдан меңгерту арқылы шешен сөйлеу қабілеттерін дамытуда оқушылардың психологиялық ерекшеліктері, аялық білімі, коммуникативті сөйлеу дағдылары, сөйлеу мәнерін меңгеруі ескерілуі керек екені айтылады. Фразеологизмдерді когнитивті тұрғыдан меңгерту арқылы шешен сөйлеу қабілетін дамытуда теория мен практика сабақтастықта сөз болып, фразеологизмдерді когнитивті тұрғыдан зерттеп жүрген ғалымдардың еңбектерімен қатар тұрақты тіркестерді когнитивті тұрғыдан меңгертуге қатысты әдістемелік еңбектер де талданады. Фразеологизмдерді меңгерту арқылы шешен сөйлеу қабілеттерін дамыту кезең-кезеңмен жұмыс жүргізілуі керек екені ескертіліп, дайындық кезеңінде оқушылардың фразеологизмдерді, шешен сөйлеу дағдыларын меңгеру деңгейі анықталатыны, теориялық материалмен таныстырылатыны, негізгі кезеңде түрлі жаттығулар арқылы фразеологизмдердің өзіндік ерекшелігі, құрылымы мен мәніне қатысты теориялық ақпарат бекітіліп, фразеологизмдердің қолданылуын сөйлеу жағдаятымен, уәждеме теориясымен байланыстыра отырып, шешен сөйлеу дағдыларын меңгертілетіні айтылып, нақты ұсыныстар беріледі. Фразеологизмдерді меңгерту арқылы оқушылардың шешен сөйлеу дағдыларын кезең-кезеңмен қалыптастыру студенттердің коммуникативті дағдыларын жетілдіруге, шешен сөйлеу қабілетін шыңдауға жол ашады. 10-11-сынып оқушыларына фразеологизмдерді когнитивті тұрғыдан меңгерту арқылы шешен сөйлеу қабілетін дамыту білім алушылардың ұлттық дүниетанымды түсінуіне, аялық білімін кеңейтіп, лингвистикалық және мәдени танымдарын кеңейтуге мүмкіндік береді. Бұл ойын еркін жеткізе алатын, сөздік қоры бай, шешен сөйлейтін, ұлттық кодты, фразеологизмдердің астарын түсіне білетін тілдік тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.



Кілтті сөздер: фразеологизм, когнитивті, шешен сөйлеу, дағды, дүниетаным, ұлттық код, аялық білім.



Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:

Рысқұлов, М.А. Фразеологизмдерді когнитивті тұрғыдан оқыту – оқушылардың шешен сөйлеу қабілетін дамытудың негізі [Мәтін] // «Білім-Образование» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – №1. – Б. 128-138.

Кіріспе

Фразеологиялық бірліктер сөзімізге көркемдік, бейнелілік, эмоциялық әсер үстейді. «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал», – деп Абай Құнанбайұлы айтқандай, адамның болмысы, рухани әлемі, жан дүниесі сөзі арқылы көрінеді. Сөздік қоры бай, ойын жүйелі жеткізе алатын, тілдің ішкі заңдылықтарын меңгеріп, норманы сақтай білген адам ортаға да сыйлы болады. Жалпы білім беретін орта мектептердегі «Қазақ тілі» пәнінің негізгі міндеттерінің бірі – тілдің лексикасы мен фразеологиясын, сөйлеу этикетінің нормаларын меңгерту, оларды ауызша және жазбаша сөйлеу тәжірибесінде қолдана білуге баулу, шешен сөйлеуге дағдыландыру болып табылады. «Сөйлеуге үйрету – адамның әлеуметтік дағдыларын дамытудың тетігі. Өйткені тіл ғана адамның әлеуметтенуіне, өзі өмір сүріп отырған ортада өзгелермен тіл табыса еңбек етуге, өз орнын иемденуіне, өзгелерді тануына, өзін танытуға мүмкіндік береді. Тілсіз адамның биік нәтижелерге жетуі, рухани дамуы мүмкін емес. Өйткені адам тек тіл арқылы басқалармен қарым-қатынас жасап, бірлесе өмір сүреді, адами мұраттарға қол жеткізеді. Тіл арқылы ғана дүние туралы білім алып, өз көзқарасын қалыптастырады, аға ұрпақтың өлшеусіз өмір тәжірибесін үйренеді, ұғымын кеңейтеді. Тек тіл арқылы көңіл күйін, ішкі сезімін білдіреді, өзіне өмірлік дос, тағдырына балайтын жан серігін табады, ұжымдасып еңбек етеді. Достасып, жұптасып ғұмыр кешеді, кісілік сыйласымдылыққа ие болады, өз ортасы қалыптасады, ұрпақ өрбітеді. Осының бәрі де тілдің коммуникативтік, танымдық, экспрессивтік қызметтері арқылы жүзеге асады» [1, 107-б.].

Фразеологизмдерді оқыту арқылы, біріншіден, оқушылардың сөздік қорын бейнелі тілдік құралдармен байытуға, екіншіден, фразеологизмдердің мағыналық құрылымын ажырату дағдыларын қалыптастыруға, үшіншіден, коммуникативтік құзыреттіліктерін жетілдіруге ықпал етеді.

Материал мен әдістер

Оқушылардың фразеологиялық бірліктердің мағынасын түсіну деңгейін тексеру барысында білім алушылардың тұрақты тіркестерді меңгеру деңгейі төмен екені, контекстегі мәнін түсінбейтіндері анықталды. Фразеологиялық тіркестердің денотат, коннотат мәндерін ажырата алмайтыны, тұрақты тіркестердің ассоциативтік семантикалық байланыстарын білмейтіні, сөйлеу барысында қолданбайтындары айқындалды. Бұл тұрғыдан алғанда, филология ғылымдарының докторы, профессор Г.Смағұлованың: «Бұрыннан қолданыста бар ұрпақтан ұрпаққа ауызша таралып, күні бүгінге дейін тұрақтап қалған фразеологизмдердің бағын жандырып жүрген көркем сөз иелері – жазушылар ғана. Көркем әдебиеттерде небір айшықты, ғажап метафоралы авторлық тіркестер жиі кездеседі. Алайда тілдік қолданыста кеңінен өріс алып кетпегендіктен сөздікке енбеді. Шындығында фразеологизмдердің қолдану аясы тарылып барады», – деуі әбден орынды.

Фразеологизмдер де тіркес болғанмен, еркін тіркестен өзіндік ерекшеліктері бар:

1. фразеологиялық тіркестер сөйлеу барысында жасалмайды. Ол сөз сияқты тілдік санада бүтін бірлік ретінде сақталады да коммуникацияда қайта жаңғыртылады;
2. тұрақты тіркестерде мағыналық тұтастық болады, фразеологизмнің мағынасы құраушы бөліктерінің мағыналарына тәуелсіз болады. Фразеологиялық бірліктің құрауыштары десемантизацияланып, жаңа, өзіндік мәні бар бірлік пайда болады.
3. құрылымдық тұтастығы сақталады, тіркестегі сөздердің орындарын өзгертуге болмайды;
4. фразеологизмнің құраушы бөліктері өзара тығыз байланысты болады әрі құрылымы тұрақты болады.
4. фразеологиялық тіркестің құрамына басқа сөздерді кіргізуге болмайды;

5. грамматикалық тұтастығы сақталады. Сондықтан сөйлемде бір ғана сұраққа жауап беріп, бір ғана сөйлем мүшесі болады.

Коммуникация барысында дайын күйінде қолданылуына байланысты фразеологизмдер сөзге ұқсас болғанмен, құрылы жағынан да, мағыналық тұрғыдан да ерекшеленеді. Сөз морфемалардан құралып, біртұтас грамматикалық бірлік ретінде қабылданады. Морфемалар сөзден тыс қолданылмайды. Ал фразеологизм сөздерден құралады. Ол сөздер фразеологизмнен тыс та қолданыла береді, оның грамматикалық құрылымы сөзге ұқсамайды.

Фразеологизмдерді оқытуда олардың сөзден, еркін тіркестерден айырмашылығын, өзіндік ерекшелігін, классификациясын, қолданысын айқын түсіндіру қажет. Профессор Г.Смағұлова тұрақты тіркестердің қалыптасып, даму жолын сипаттай келіп: «Фразеологизмдердің көпшілігінің қалыптасуы қандай да бір сюжетке, тарихи немесе мәдени дерекке келіп тіреледі. Еркін тіркестер тұрақты тіркестерге айналуына дейін өте күрделі жолдан өтеді. Егер сөз тіркесі сыңарларының бірі сапа-бөлігі немесе іс-әрекетті білдіру қасиеттерінен айырылса, басқаша айтқанда, лексикаланып, мағыналық тұрғыдан өзгеріске түссе, ондай тіркестер сөз тіркесі болудан қалып, фразеологиялық тіркестердің немесе атаулық тіркестердің қатарына көшеді. Демек, бұл аталған тіркестердің түпкі тегі – еркін сөз тіркестері деген сөз. Осыған байланысты фразеологиялық тұлғалардың қалыптасуында тілдің ұлттық психологиямен, тарихпен, мәдениет және тұрмыс тіршілікпен байланыстарына ерекше назар аудару қажет. Фразеологиялық мағынаның өзі нақты айқын мағынасы бар еркін тіркестің метафоралануынан пайда болады. Бірақ бұл фразеологиялық тіркестің жасалуының жалпы көрінісі ғана. Фразеологиялық мағынаның пайда болуына осы сияқты тілдік факторлармен қатар, тілді тұтынушы халықтың өзіне ғана тән түрлі мәдени өмірі ерекше ықпал етеді», – дейді [1, 39-б.].

Фразеологизмдерді оқыту барысында

ұлттық дүниетаныммен, қазақтың бейнелі ойлау тәсілдерімен сабақтастықта қарастыру қажет. Сол себепті мақалада анализ, синтез әдістері, бақылау, жалпылау әдістері, когнитивті тәсіл, коммуникативті тәсілдер қолданылады. Фразеологиялық тіркестердің құрылымы мен мағыналық ерекшелігі, стильдік реңкі ескеріліп, фразеологизмдердің сөйлеу мәнерлілігін артырудағы қызметі талдануы керек. Осыған байланысты академик Р.Сыздық: «Қай тілде болмасын, ондағы жалпы тұрақты тіркестердің, оның ішінде бейнелі (образды) метафоралық құрылымдар мен идиомдық бірліктердің мағыналарын, қолданыс тәртібін, модальдық бояуларын, стильдік қызметтерін игермесе, тілді жақсы меңгеру қиынға соғады. Ал бұлар тілдің тек семантикалық-конструктив бірліктер қазынасын сан жағынан молайтып қана қоймайды, тілдің икемділігін, эстетикалық мүмкіндігін танытатын құндылықтар болып табылады. Бұл құндылықтар осы тілді қолданушы халықтың ұлттық белгілерінің бірі – дүниетанымдық дәрежесін, эстетикалық талғамын көрсетеді. Демек, бұларды зерттеудің бір қыры когнитивтік ізденістерге алып барады», – дейді [2, 59-б.].

Оқытудағы маңызды жалпыдидактикалық ұстанымдардың бірі ретінде «санаға негізделген оқыту» қағидасын басшылыққа ала отырып, фразеологизмдерді кешенді түрде талдау арқылы оқушыларға тұрақты тіркестер туралы жан-жақты мәлімет беру қажет. Бүгінгі таңда фразеологизмдерді когнитивті тұрғыдан зерттеуге ерекше көңіл бөліне бастады. Когнитивтік фразеологияны дербес сала ретінде зерттеп жүрген профессор Г.Смағұлова: «Қазақ тіліндегі фразеологизмдер айналадағы қоршаған орта заттар мен құбылыстарға этнос тұрғысынан баға беру, сипаттау арқылы сол ұлттың ұлттық менталитетін, көзқарасын, дүниетанымын аңғартады», – деп [3, 48-б.], қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің дискурстық сипатын тілдік тұлға, лингвоэкология мәселелерімен байланыстырады. 1993 жылы «Қазақ тілі фразеологизмдерінің варианттылығы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация, 1998 жылы «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері» деген тақырыпта докторлық диссертация

ция қорғаған ғалым бүгінгі таңда қазақ тіл білімінде өзіндік мектеп қалыптастырды. Ғалымның жетекшілігімен А.Тымболова «Тұрақты тіркестердің құрамындағы мағынасы күңгірттенген компоненттер» (1999), Ә.Хазимова «Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени деректері» (2002), Г.Айтжанова «Қазақ тіліндегі фразеологиялық калькалар» (2004), Ж.Дәркембаева «Қазақ тіліндегі фразеологиялық оралымдар» (2006), К.Сарышева «Эмоцияны білдіретін фразеологизмдер» (2006), Г.Сырлыбаева «Қарсы мәнді білдіретін фразеологизмдердің парадигмалары» (2007), Ж.Әбдірахманова «Қазақ тіліндегі окказионал фразеологизмдер» (2008), А.Смаилов «Тұрақты тіркестердегі «әйел» концептісінің лингвомәдени негізі» (2008), Б.Нағасбекова «Қазақ фразеологизмдерінің көпмағыналылығы» (2010), т.с.с. шәкірттері диссертация қорғады.

Орыс тіл білімінде тұрақты тіркестерді когнитивті тұрғыдан зерттеуде түрлі бағыт қалыптасқан: А.В. Жуков идиомаларды зерттегенде тұрақты тіркестердің сөздермен не сөз тіркестерімен байланысын сипаттау керек екенін айтса, Н.Телия идиомалардың мағынасын когнитивті парадигма арқылы, тілдік бірлікті ғаламмен байланыстыра отырып, фреймдерді талдау арқылы нақтылау керегін ескертеді. А.П. Бабушкин идиомалық тіркестерді түрлі сурет (бейне) ретінде сипаттайды: ойбейне, сурет-схема, бейне-фрейм, бейне-сценарий [4, 246-252-б.].

Психолингвистикалық зерттеулерге сүйене отырып, А. А. Залевская адамның лексиконын көпқабатты және бірнеше рет қиылысатын өрістер ретінде қарастырады [5]. Ғалым бұл өрістер әртүрлі ақпаратты жүйелеп, қолдануға дайын күйде сақтауға мүмкіндік беретінін, лексиконның элементтері әртүрлі ұзындықтағы байланыстар арқылы біріктіріліп, иерархияларды байланыстыратынын айтады [5, 157-б.]. Е.В. Кузнецова да ғалымның пікірін қостап, лексикалық жүйенің орталығы шектеулі бірліктерден құралатынын, қалған бірлік-

тер иерархиялық түрде байланысатынын айтады [6, 85-б.]. А. Р. Лурия тірек сөздер вербализация ошақтары болатынын ескерте келіп [7, 149-б.], ол сөздер ассоциативтік байланыстарға негіз болатынын айтады.

Нәтижелер

10-11-сынып оқушыларына фразеологизмдерді когнитивті тұрғыдан меңгерту арқылы шешен сөйлеу қабілетін дамытуда

- фразеологизмдердің сөйлеу әрекетіндегі қызметін нақтылау;
- қазақ тіліндегі коммуникативтік құзыреттіліктерін жетілдіру;
- фразеология туралы жан-жақты ақпарат беру арқылы қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру;
- фразеологизмдерді лингвистикалық тұрғыдан талдау дағдыларын қалыптастыру;
- фразеологиялық сөздіктерді пайдалана білуге баулу;
- фразеологизмдердің семантикалық-стилистикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету;
- фразеологизмдерді коммуникацияда орынды қолдана білуге баулу арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- қазақ тілінде шешен сөйлеу қабілетін дамыту;
- оқушылардың лингвистикалық ойлау қабілетін дамыту көзделеді.

О` Мэллидің шет тілді оқытудағы лексикалық стратегияларын (метакогнитивті, когнитивті, әлеуметтік, компенсаторлық) [8] негізге ала отырып, фразеологизмдерді когнитивтік тұрғыдан оқытудағы ұстанымдарды төмендегідей сызба түрінде көрсетуге болады:

1-кесте. Фразеологизмдерді когнитивтік тұрғыдан оқытудағы стратегиялар

Стратегиялар	Оқыту барысындағы іс-әрекет
метакогнитивті	• тұрақты тіркестерді оқытуды алдын ала жоспарлау; • тұрақты тіркестерді тілдің бейнелі-стильдік, ұлттық ерекшелікті білдіретін құрал ретінде оқыту қажетін сезіну; • тұрақты тіркестерді меңгеру деңгейін бағалау (сөздік қорының молаюы, сөйлеу барысында қолдануы, мәтіндегі тұрақты тіркестердің қолданысын түсіну, т.б.)
когнитивті	• тұрақты тіркестерді есту, көру арқылы қабылдату; • тұрақты тіркес туралы ақпаратты меңгерту; • тұрақты тіркестерді жаттату; • тұрақты тіркестерді талдау, салыстыру, дедукциялау, жүйелеу; • қайталау; • тұрақты тіркестерді мақсатына, мазмұнына қарай топтастырып, жіктеу; • өзге тілдегі тұрақты тіркестерді ана тіліндегі мәндес тұрақты тіркестермен салыстыру
метакогнитивті	• тұрақты тіркестерді оқытуды алдын ала жоспарлау; • тұрақты тіркестерді тілдің бейнелі-стильдік, ұлттық ерекшелікті білдіретін құрал ретінде оқыту қажетін сезіну; • тұрақты тіркестерді меңгеру деңгейін бағалау (сөздік қорының молаюы, сөйлеу барысында қолдануы, мәтіндегі тұрақты тіркестердің қолданысын түсіну, т.б.)
когнитивті	• тұрақты тіркестерді есту, көру арқылы қабылдату; • тұрақты тіркес туралы ақпаратты меңгерту; • тұрақты тіркестерді жаттату; • тұрақты тіркестерді талдау, салыстыру, дедукциялау, жүйелеу; • қайталау; • тұрақты тіркестерді мақсатына, мазмұнына қарай топтастырып, жіктеу; • өзге тілдегі тұрақты тіркестерді ана тіліндегі мәндес тұрақты тіркестермен салыстыру
әлеуметтік	• мұғалім мен оқушылардың ынтымақтастығы; • оқушылардың бірлескен әрекеті; • жұптық, топтық жұмыс

Фразеологиялық тіркес – сезім, эмоцияны, ақпаратты кодтайтын тілдік бірлік. Ол импликацияларға бай болады, адресаттың санасында логикалық және эмоционалдық ассоциациялар түзеді. Сондықтан фразеологиялық тіркестермен көп ойды жеткізуге болады. Сол ойды логикалық байланыстарға айналдыратын болсақ, бір

емес, бірнеше сөйлем қажет болады. Бұл көпсөзділікке ұрындырып, әсерін азайтады. Бұл ретте әсіресе қарама-қарсы мәнді фразеологизмдерге ерекше мән берген жөн. Мысалы, аты шықты – аты өшті; ат ізін салмады – ат ізін құрғатпады; әлі кірді – әлі кетті; беделі артты – беделі түсті; бетінен оты шықты – беті бүлк етпеді; есіне түсті –

есінен шықты; еңбегі жанды – еңбегі еш кетті; соққы жеді – соққы берді т.б. тұрақты тіркестердің құрамы ұқсас болғанмен, не себепті мәні кереғар болатынын жекелеген сөздердің мағынасымен байланыстыра отырып түсіндіру керек.

Сонымен қатар фразеологиялық тіркестердің құрамын толықтыруға қатысты тапсырма беруге болады. Мысалы: Тілге ... Құралайды ... Шіріген ... Түйені ... Жіпсіз ... Мақтамен ... Қасықтай қаны ... Салы ... Ит терісін ... Тауы ... Ұнжырғасы ... Аузына ... Жер-жебіріне ... Жегені ... Көз етті ... Кежесі ... Ала жіп ... Көкейге ... Тісі ... Қан ... Жаны ... Бармақ ... Аузы ... Іші ... Бетінен ... Жарғақ құлағы ... Етек ... Құлақ ... Арқа ... Бауыр ... Аузының суы ... Жұмған аузын ... Қылдай ... Құлаққа ұрған ... Әңгір таяқ ... Екі езуі ... Жұлдызы ... Төбесінен ... Көерер таңды ...

Оқушылар көп нүктенің орнына қойылатын сөзді тауып, тұрақты тіркестердің толық нұсқасын тапқан соң оның мәнін, қай кезде қолданылатынын айтып, тұрақты тіркестерді қатыстыра отырып сөйлем құраулары керек. Мұндай тапсырмалар тұрақты тіркестердің когнитивтік-коммуникативтік ерекшелігін түсінумен қатар

құрылымын, мағына тұтастығын түсінуге де ықпал етеді.

Мұғалім тұрақты тіркестерді ойды бейнелі, көркем жеткізу құралы ретінде сипаттай отырып, білім алушылардың топтық жұмыс, жұптық жұмыстарында, дебат, пікірсайыстарда дұрыс қолдана білуге дағдыландыруы тиіс. Сабақ барысында көрнекі құралдар, суреттер мен бейне-материалдарды пайдаланып, сюжетке сәйкес тұрақты тіркестер құрау, мәтіннен фразеологизмдерді тауып, мәнін түсіндіру, тұрақты тіркестерді қолдана отырып, өз бетінше сөйлем құрау, диалог құрау, нақты бір тақырыпты сөз ете отырып, тұрақты тіркестерді қолдану, т.с.с. тапсырмалар беруге болады. Осыған байланысты оқушыларға Ақ түйенің қарны жарылды, Қара қылды қақ жарған, Көзбен атты, Кірпідей [кірпіше] жиырылды және т.б. тұрақты тіркестер беріліп, олардың мағынасын нақтылап, сөйлемдер құруға тапсырма берілді.

Сонымен қатар оқушыларға фразеологизмдерді мағыналарымен сәйкестендіру 2-кестеде ұсынылды.

2-кесте. Фразеологизмдерді мағыналарымен сәйкестендіру

Фразеологизмдер	Мағыналары
Жүрек жұтқан	Тыныштық, бейбіт жаман орнады.
Қасқыр шапқан қойдай болды	Ирек, жықпылға тартатын сүрлеу
Қой үстіне бозторғай жұмыртқалады	Көмектесті, жәрдем берді
Қоян жүрек	Батыл, қайсар
Қоянның жымындай жол	Өштесті, өшпенділігін білдірді
Тазы қуған қояндай болды	Қорқақ, ынжық
Тісін қайрады	Тоз-тозы шықты, быт-шыт болды
Жүрегіннің түгі бар	Ержүрек, батыл
Қол ұшын берді	Қатты қорқып, абыржыды, сасқалақтады

Фразеологизмдердің мәнін түсініп қана қоймай, дұрыс қолдана білуге баулу үшін түрлі ойындар, импровизациялық жат-

тығулар орындатуға болады. Мысалы, қате қолданылған, бұрмаланған тұрақты тіркестер беріліп, оқушылар дұрыс нұсқа-

сын тапты: тел қошақандай (дұрысы: тел қозыдай); бақа жұріс (дұрысы: тасбақа жұріс); аттан түскендей (дұрысы: түйеден түскендей); биені түгімен, түйені бүгімен (дұрысы: түйені түгімен, биені бүгімен); түйедейді түймедей етті (дұрысы: түймедейді түйедей етті); қасқыр бұлаңға салды (дұрысы: түлкі бұлаңға салды); үріккен жылқыдай қамалды (дұрысы: үріккен қойдай қамалды); үйден шыққан суырдай (дұрысы: іннен шыққан суырдай); айтқанын екі етті (дұрысы: айтқанын екі етпеді); алпыс тамыры иіді (дұрысы: алпыс екі тамыры иіді); алтын малта ас болмады (дұрысы: алты малта ас болмады); бір қырлы, сегіз сырлы (дұрысы: бір сырлы, сегіз қырлы), т.с.с. Оқушылар тұрақты тіркестердің дұрыс нұсқасын тауып, мұғалімнің көмегімен не себепті ол нұсқаның дұрыс екенін нақтылады. Тұрақты тіркестерді қатыстырып, сөйлем, шағын әңгіме құрады.

Тұрақты тіркестерді оқытуға арналған сабақтарды ойын, сайыс түрінде де өткізуге болады. Ол үшін тақтаға бірнеше тұрақты тіркес жазылады да (мысалы, көзді ашып-жұмғанша, ет жүрегі езілді, судың да сұрауы бар, бір шыбықпен айдады, т.с.с.) екі оқушы сол фразеологизмдерді қатыстыра отырып, логикалық тұрғыдан байланысқан шағын әңгіме құрауы керек болады. Сол сияқты нақты тұрақты тіркестерді беріп, бір фразеологизмді қатыстырып, 3 сөйлем құратып жарыстыруға болады. Оқушыларға ешқандай фразеологизмді ұсынбай-ақ, сөйлемнің ыңғайына қарай өз тараптарынан 5 тұрақты тіркесті қатыстырып мәтін құрауға арналған тапсырмалар берілді. Мұндай ойындарда қай оқушының сөйлемдері қисынды болса, тұрақты тіркестерді дұрыс қолдана білсе, сол жеңеді. Мұндай ойындарды жекелеген оқушылар арасында ғана емес, топтық жұмыс түрінде жүргізіп, командаларды жарыстыруға, дебат, пікірсайыс, рөлдік ойындар түрінде өткізуге де болады. Сабақтарды түрлендіріп өткізу арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады. Мұндай сабақтарда білім алушылар фразеологиялық бірліктерді меңгерумен қатар сөйлеу барысында дұрыс қолдануға дағдыланады, шешен сөйлеу дағдыларын қалыптасады. Ол қорытынды

сабақтың нәтижелерінде айқын көрініс тапты: оқушылардың тұрақты тіркестерін еркін қолдану деңгейі 45%-дан 80%-ға артты; сөйлеу мәнері жақсарып, сөйлеу қарқыны артты; оқушылардың сабаққа қызығушылығы 75%-дан 90%-ға өсті.

Талқылау

Фразеологизмдерді когнитивті тұрғыдан меңгерту арқылы шешен сөйлеу қабілетін дамытуда оқушылардың сөйлеу қабілетін дамытумен қатар сезім мүшелерінің анализаторларын да дамыту қажет. Бұл ақпарат қабылданатын сезім арналарды ашып, кеңейтуге бағытталуы керек. Осы мақсатта арнайы психотехникаларды – қабылдау арналарының түрлерін ашуға арналған жаттығуларды қолдануға болады. Жаттығулар есту не көру арқылы қабылдауға бағытталса да (мысалы, жерге қаратты, жерден алып, жерге салды, жер-жебіріне жетті, жерден жеті қоян тапқандай, бармағын тістеді, санын соқты, ауызға ілінді, ауыз ашты, ауыз ашпады, аузын аштырмады, көз алмады, көз алдына келді, қол артты, қолы алдына сыймады, қолы жіпсіз байланды, екі қолын төбесіне қойды, екі өкпесін қолына алып жүгірді т.б.), психикалық процестердің өзара байланысын көрсетіп, көпфункционалды болады.

Сөйлеуді қабылдау процесінің күрделілігі мен әртектілігі көптеген объективті және субъективті факторларға байланысты болады. Объективті факторларға хабарламаның ерекшеліктері, күрделі логикалық-мағыналық құрылымы, ол құрылымды коммуникатордың қалай жеткізетінін жатқызуға болады. Сондай-ақ қабылдаудың тұрақтылығы мен тұтастығы да объективті факторларға жатады. Қабылдау тұрақтылығы бейненің тұрақтылығына байланысты болады. Яғни реципиент қуаныш, тандану, ашу-ыза кезіндегі интонацияны қиындықсыз қабылдайды. Себебі сөйлеу сигналын қабылдау не жаңғырту әрқашан просодиялық құралдардан басталады, яғни ырғағы мен интонациясы арқылы ажыратылады. Сөйлеуді есту арқылы қабылдау, назар аудару, есту жады бастапқыда дыбыстық сигналдың мелодиялық және ырғақтық компонент-

теріне сүйенетіндіктен, сөйлеу мәнерлілігін үйретуде мәтіндердің интонациялық жағына айрықша мән беру қажет.

Сөйлеу тұтас қабылданады, яғни бейне тұрақты жүйе ретінде қабылданады. Қоршаған әлемдегі заттар мен құбылыстар жеке объектілер ретінде емес, тұтас бейне ретінде сезім арқылы қабылданады. Сөздер жекелеген дыбыстардың жиынтығы ретінде қабылданбайтыны сияқты естіген фраза жеке сөздердің жиынтығы ретінде емес, тұтастай қабылданады. Сондықтан оқыту барысында материалды синтетикалық тәсілмен – фразалар мен тұтас мәтін түрінде беру қажет.

Субъективті факторларға тыңдарман не оқырманның қабылдау ерекшеліктері жатады. Ол адамның психологиясына, тәжірибесіне және т.б. байланысты болады. Оқушыларды шешен сөйлеуге баулда объективті, субъективті факторларды ескере отырып, кешенді тәсілді қолдану қажет. Сол арқылы фразеологиялық тіркестерді меңгерумен қатар оқушылардың тұтас сөйлеуді қабылдау, қайта жаңғырту дағдыларын жан-жақты дамыту қажет. Фразеологизмдерді когнитивті тұрғыдан меңгерту арқылы шешен сөйлеу қабілетін дамытуда сөйлеудің әсеріне ерекше мән беру қажет. Өйткені сөйлеудің дұрыс қабылдануы сөйлеудің мәнерлі болуына тікелей ықпал етеді. Сөйлеу әсері екі жүйенің – коммуникатордың сөзі (сөйлеу әрекеті) мен адресаттың қабылдау жүйесінің өзара әрекеттестігіне байланысты болады.

Коммуникатор адресатқа әсер етуді, өз ойын жүзеге асыруды көздейді. Бұл ретте коммуникатор өз тәжірибесін, адресаттың ерекшеліктерін негізге ала отырып, тыңдаушының қалай қабылдайтынын өзінше болжайды. Алайда коммуникатордың тиімді санаған нәрсесі әрдайым адресат тарапынан солай қабылдана бермейді. Сөйлеу барысында адресат ақпаратты өзінің аялық біліміне, ниетіне байланысты өзінше қабылдайды. Демек, сөйлеу әсерлі, өтімді болуы үшін адресанттың да, адресаттың да орны ерекше болады.

Коммуникация мақсаты, қатысушылары, діттеміне, т.б. байланысты сөйлеу әсерінің бірнеше түрі (дидактикалық, эмпатиялық, интеллектуалды-эмоционалды, ынтымақтастық және т.б.) болады. Олар сөйлеушілердің коммуникативтік және прагматикалық құзыреттілігіне де байланысты болады. Осыған байланысты Р.М. Блакар: «Әрбір тілдік элемент – өте күрделі де сезімтал құрал. Ол орнымен қолданылса, адресат та дұрыс қабылдайды», – деп жазады [9, 97-б.]. Ғалым сөйлеу әсерлі болу үшін

- сөздер мен тіркестерді дұрыс таңдау қажет;
- грамматикалық тұлғалар дұрыс қолданылуы керек;
- суперсегментті элементтер (интонация, екпін, ырғақ) орнымен қолданылуы керек;
- адресаттың қалай қабылдайтынын болжау керек;
- сөйлеу әсерінің функционалды түрін (өтініш, фактіні бекіту, сұрақ, пікір білдіру, таңданыс немесе ашуын көрсету және т.б.) дұрыс жеткізу керек екенін айтады [9, 97-б.].

Бұл шарттарды фразеологизмдерді оқытуда да ескеру қажет. Осы шарттар толық ескерілген жағдайда сөйлеу әсерлі болып, коммуникация өз мақсатына жетеді. Фразеологиялық тіркестің дұрыс таңдалуы, орынды қолданылуы сөйлеудің экспрессивтілігін күшейтіп, коммуникатордың ықпалын арттырады.

Қорытынды

Қазақ тіліндегі фразеологизмдерді оқытудың когнитивті тұрғыдан оқытуда бірнеше қағидатты ескеру қажет:

- фразеологизмдерді меңгеру оқушылардың танымдық қажеттілігіне, танымдық белсенділігіне, коммуникативтік мотивациясына негізделуі тиіс;
- фразеологиялық бірліктерді меңгеру ақпараттық-танымдық үдеріс ретінде қарастырылып, тілдің бейнелі құрал-

дарын, яғни фразеологиялық бірліктерді құруға, жинақтауға, қолдануға бағытталуы керек;

- оқыту жүйесіне енгізілген жаттығулар таным үдерісіне, қалыптасатын лексикалық әрекеттерге сай болуы қажет;
- фразеологизмдерді оқыту оқушылардың қабылдау, назар аудару, қиял, жады, ойлау сияқты когнитивтік үдерістеріне негізделуі тиіс;
- фразеологиялық бірліктерді меңгеру оқушылардың әлеуметтік-мәдени дамуына бағытталуы қажет;
- фразеологиялық бірліктерді оқыту оқушыларды сөйлеуде коммуникативтік тұрғыдан қолдануға бағытталып, коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға, шешен сөйлеу қабілетін дамытуға ықпал етуі керек.

Сонымен, фразеологизмдерді когнитивтік тұрғыдан оқыту – оқушылардың шешен сөйлеу дағдыларын дамытудың тиімді жолдарының бірі. Тұрақты тіркестерді когнитивті тұрғыдан оқыту барысында оқушылардың сөздік қоры байиды, ұлттық дүниетанымы кеңейеді, шығармашылық қабілеттері артады. Фразеологизмдердің ерекшелігін дұрыс түсінген оқушылар ойын бейнелі түрде көркем әрі нақты жеткізе алады, соның негізінде шешен сөйлеу қабілеті дамиды. Көпшіліктің алдына шығып сөйлегенде өзін еркін сезінеді, тапқырлығымен, шешендігімен, аудиторияны баурап алады. Сондықтан тұрақты тіркестерді жалаң түрде оқытпай, когнитивті, коммуникативті параметрлерді ескеру білім алушының тұлға ретінде қалыптасуына да игі ықпал етеді.

Қолданылған деректер тізімі:

1. Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда. – Алматы: Арыс, 2010. – 277 б.
2. Сыздықова Р. Сөзді орнымен қолдана білсек // Сөз өнері. – Алматы: Ғылым, 1978. – 184 б.
3. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 148 б.
4. Бабушкин А.П. Фразеологизмдердің ғаламның тілдік бейнесін қалыптастырудағы қызметі // Түркі ономастикасы: тарих, таным, тағылым. Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалы. – Алматы, 2022. – Б. 246-252.
5. Залевская А.А. Слово в лексиконе человека. Психолингвистическое исследование. – Воронеж, 1990. – 204 с.
6. Кузнецова Е.В. Русская лексика как система. – Свердловск, 1980. – 242 с.
7. Лурия А.Р. Язык и сознание. – Ростов н/Д: Феникс, 1998. – 416 с.
8. O'Malley, J.M., Chamot, A.U. Learning Strategies in Second Language Acquisition. – CUP, 1990. – 276 p.
9. Блакар Р.М. Язык и моделирование социального воздействия. – М., 1987. – 184 с.
1. Смағұлова Г. Qazaq frazeologiasy lingvistikalıq paradıgmalarda [Kazakh phraseology in linguistic paradigms]. – Almaty: Arys, 2010. – 277 b.
2. Syzdyqova R. Sözdi ornymen qoldana bilsek // Söz öneri [If we can use words correctly // Art of words]. – Almaty: Ğylym, 1978. – 184 b.
3. Смағұлова Г. Мағиналас frazeologizmderdiń ultiq mádeni aspektileri [National cultural aspects of meaningful phraseological units]. – Almaty: Ğylym, 1998. – 148 b.
4. Babuşkin A.P. Frazeologizmderdiń ğalamnyń tildik beinesin qalyptastyruıdaǵy qyzmeti // Türki onomastikasy: tarih, tanym, taǵylym. Halyqaralyq ғылыми-теориялық konferensianıń materialy. – Almaty, 2022. – B. 246-252.
5. Zalevskaia A.A. Slovo v leksikone cheloveka. Psiholingvisticheskoe issledovanie [Word in the human lexicon. Psycholinguistic research]. – Voronej, 1990. – 204 s.
6. Kuznesova E.V. Ruskai leksika kak sistema [Russian vocabulary as a system]. – Sverdlovsk, 1980. – 242 s.
7. Luria A.R. İazyk i soznanie [Language and consciousness]. – Rostov n/D: Feniks, 1998. – 416 s.
8. O'Malley, J.M., Chamot, A.U. Learning Strategies in Second Language Acquisition. – CUP, 1990. – 276 p.
9. Blakar R.M. İazyk i modelirovanie sostiálnogo vozdeistvia [Language and Social Impact Modeling]. – M., 1987. – 184 s.

References

Обучение фразеологизмам с когнитивной точки зрения — основа для развития ораторских способностей учащихся

М.А. Рыскулов

Жетысуский университет имени И. Жансугирова, г.Талдыкорган, Казахстан



Аннотация. В настоящее время на уроках «Казахский язык» уделяется особое внимание развитию речевых навыков учащихся. В связи с этим совершенствуются методы и приемы обучения, ищутся пути улучшения качества образования. В статье рассматривается вопрос развития ораторских способностей учащихся 10-11 классов через когнитивное освоение фразеологизмов. В статье показаны различия устойчивых выражений от лексических единиц — отдельных слов и свободных словосочетаний, а также конкретно обозначено, на что следует обращать особое внимание при развитии ораторских способностей через когнитивное обучение фразеологизмам. Автором даны рекомендации по улучшению коммуникативных навыков и речевой выразительности. В этом контексте отмечается, что при развитии ораторских способностей учащихся через когнитивное освоение фразеологизмов следует учитывать их психологические особенности, фоновое знание, коммуникативные речевые навыки и уровень владения речевой культурой. В статье подчеркивается, что развитие ораторских способностей через когнитивное освоение фразеологизмов должно осуществляться в единстве теории и практики. Анализируются труды ученых, исследующих фразеологизмы с когнитивной точки зрения, а также методические работы, посвященные когнитивному освоению устойчивых выражений. Подчеркивается, что развитие ораторских способностей через освоение фразеологизмов должно проходить поэтапно: на подготовительном этапе определяется уровень владения учащимися фразеологизмами и ораторскими навыками, учащиеся знакомятся с теоретическим материалом; на основном этапе с помощью различных упражнений закрепляется теоретическая информация о специфике, структуре и значении фразеологизмов, а также осуществляется их применение в речевых ситуациях, связываясь с теорией мотивации, что способствует развитию ораторских навыков. В статье приводятся конкретные рекомендации. Поэтапное формирование ораторских навыков учащихся через освоение фразеологизмов открывает возможности для улучшения их коммуникативных навыков и оттачивания ораторского мастерства. Когнитивное освоение фразеологизмов учащимися 10-11 классов способствует более глубокому пониманию национального мировоззрения, расширению их фоновых знаний, а также лингвистического и культурного кругозора. Это способствует формированию языковой личности, которая свободно выражает свои мысли, обладает богатым словарным запасом, умеет говорить ярко и выразительно, понимает национальный код и скрытый смысл фразеологизмов.



Ключевые слова: фразеологизм, когнитивный, ораторское искусство, навык, мировоззрение, национальный код, фоновое знание.

Teaching phraseology from a cognitive perspective is the foundation for developing student's eloquence

M. A. Ryskulov

I. Zhansugurov Zhetysu University, Kazakhstan, Taldykorgan



Abstract. At present, special attention is being paid to the development of students' speech skills in «Kazakh Language» lessons. In this regard, teaching methods and tech-

niques are being improved, and ways to enhance the quality of education are being explored. The article addresses the development of eloquence in 10th-11th grade students through the cognitive acquisition of phraseology. It highlights the differences between fixed expressions and lexical units—individual words and free word combinations—and specifically indicates what aspects should be emphasized when developing eloquence through cognitive teaching of phraseology. The author provides recommendations for improving communicative skills and speech expressiveness. In this context, it is noted that in developing students' eloquence through the cognitive acquisition of phraseology, it is essential to take into account their psychological characteristics, background knowledge, communicative speech skills, and proficiency in speech culture. The article emphasizes that the development of eloquence through the cognitive acquisition of phraseology should be an integration of theory and practice. It analyzes the works of scholars who study phraseology from a cognitive perspective, as well as methodological works on the cognitive acquisition of fixed expressions. It is highlighted that the development of eloquence through phraseology should proceed in stages: in the preparatory stage, the level of students' mastery of phraseology and eloquence is assessed, and they are introduced to theoretical material; in the main stage, various exercises consolidate theoretical information on the specifics, structure, and meaning of phraseology, and their application is linked with speech situations and motivation theory, contributing to the development of eloquence. Specific recommendations are provided in the article. The phased development of students' eloquence through the acquisition of phraseology opens opportunities for improving their communicative skills and refining their oratory abilities. Cognitive acquisition of phraseology by 10th-11th grade students promotes a deeper understanding of national worldview, expands their background knowledge, and broadens their linguistic and cultural horizons. This contributes to the formation of a linguistic identity capable of freely expressing thoughts, possessing a rich vocabulary, speaking brightly and expressively, and understanding the national code and the underlying meaning of phraseology.



Key words: phraseology, cognitive, eloquence, skill, worldview, national code, background knowledge.

Материал баспаға 26.10.2024 келіп түсті